

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Жоғарғы Сот Төрағасы Ж.Асановтың хаты.....3	Письмо Председателя Верховного Суда Ж.Асанова.....6
Жоғарғы Соттың кезекті жалпы отырысы өтті.....19	В Верховном Суде состоялось очередное пленарное заседание....21
«Әкімшілік қадағалау жөніндегі заңнаманы қолданудың сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2019 жылғы 31 мамырдағы № 1 нормативтік қаулысы.....23	Нормативное постановление Верховного Суда от 31 мая 2019 года № 1 «О судебной практике применения законодательства об административном надзоре».....34
«Азаматты хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2019 жылғы 31 мамырдағы № 2 нормативтік қаулысы.....46	Нормативное постановление Верховного Суда от 31 мая 2019 года № 2 «О судебной практике по делам о признании гражданина безвестно отсутствующим или объявлении умершим».....52
«Соттардың Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Жалпы бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 12 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2019 жылғы 31 мамырдағы № 3 нормативтік қаулысы.....58	Нормативное постановление Верховного Суда от 31 мая 2019 года № 3 О внесении изменений и дополнений в нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 22 декабря 2016 года № 12 «О некоторых вопросах применения судами норм Общей части Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях».....61

«Соттардың Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің Ерекше бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 7 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2019 жылғы 31 мамырдағы № 4 нормативтік қаулысы.....64

Нормативное постановление Верховного Суда от 31 мая 2019 года № 4 О внесении изменений и дополнений в нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 6 октября 2017 года № 7 «О некоторых вопросах применения судами норм Особенной части Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях.....67

«Сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 5 нормативтік қаулысына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2019 жылғы 31 мамырдағы № 5 нормативтік қаулысы.....70

Нормативное постановление Верховного Суда от 31 мая 2019 года № 5 О внесении изменения в нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 11 июля 2003 года № 5 «О судебном решении».....71

2017-2018 жылдар кезеңінде республика соттарының адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, азаптауларға, күш қолдануға, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі қылмыстық және қылмыстық процестік заңнаманың нормаларын қолдану практикасын талдау.....72

Анализ практики применения судами республики в период за 2017- 2018 годы норм уголовного и уголовно - процессуального законодательства по вопросам соблюдения личной свободы и неприкосновенности достоинства человека, противодействия пыткам, насилию, другим жестоким или унижающим человеческое достоинство видам обращения и наказания.....72

Құрметті әріптестер!

2018 жылғы 19 қарашада сот жүйесін жаңғыртуға арналған кеңесте Елбасы 3 ірі міндет қойды:

Біріншісі – судьялық кадрлар құрамын жақсарту.

Екіншісі – сот процестерін жеңілдету;

Третья – судьяларды артық жүктемеден босату.

Бұл міндеттер проблемалардың 80%-ын шешуі тиіс.

Президент Әкімшілігі және Жоғары Сот Кеңесімен бірге 15 заң жобасын әзірледік: 6 күшіне енді, 3 - Парламентте, 6 – Мәжіліске енгізілмек.

Судьялық кадрлар бойынша. Осы кезге дейін мықты заңгерлер судьялыққа ұмтылмайтын. Неге? Өйткені, іріктеу мен карьералық өсу ашық емес, жүктеме ауыр, әлеуметтік қамтылу әлсіз деген себептер айтылатын. Мұның бәрі іс жүзінде шешілді.

Судьялыққа үміткерлер үшін іріктеуді қатайттық - олар кейстік тапсырмаларды шешеді, эссе жазады, ЖС судьяларымен әңгімелесуден өтеді, психотест тапсырады және т.б. Нәтижесі қандай?

Егер бұрын конкурстан әрбір төртінші кандидат өтсе, қазір тек әрбір жиырмамыншы ғана. «Кездейсоқ» заңгерлерге тосқауыл қойдық.

Енді конкурстарға мемлекеттік органдар мен бизнес саласынан мықты заңгерлер келе бастайды деген үміттеміз. Әсіресе, жер қойнауын пайдалану, зияткерлік меншік, монополиялық заңнама, экология, қаржы, банк, салық салалары бойынша білікті мамандар.

Осы және басқа да шаралардың нәтижесінде:

- судьялардың қызметтен өз еркімен кетуі тоқтады;

- судья боламын деушілер саны 2 есе артып отыр.

Жеке жауапкершілікті күшейтудеміз. Егер жыл сайын теріс себептермен 6-7 судьяны босатсақ, биылғы 5 айда - 20.

Бұрын судьяларға жылына орта есеппен бір, әрі кетсе екі қылмыстық іс қозғалса, 5 айдың ішінде – 7 іс.

Мамыр айында Сапа жөніндегі комиссия құрдық. Ол «өсемін» деген судьялардың жеке және кәсіби қабілетін егжей-тегжейлі зерттейді. Комиссия биыл әрбір бесінші судьяны жаңа, «талапшыл» форматта бағаламақ. Жұмысында елеулі кемшіліктерге жол берген судьяның бұл сыннан табысты өтуі екіталай, ал, ол қызметтен босатуға әкеп соғуы мүмкін.

Екінші міндет – сот процестерін түсінікті, қолайлы, жүйелі ету. Бұл міндеттерді Президент Әкімшілігі және Үкіметпен бірлесіп әзірленген 2 заң шешеді.

Бірінші жоба азаматтық процестерді формализмнен тазартады. Қарапайым істің шеңберінде судья 14-ке дейінгі пайдасыз аралық шешімдерді шығаруға міндетті.

Судья ГПК қыспағынан шыға алмайды. Егер тараптар істің

мән-жайын өздері айтпаса, судья оның ақиқатына көз жеткізуге құқығы жоқ.

Мұның бәрі адамдарды да, бизнесті де ашуландырады. Олар процестің қыр-сыры мен процестік кедергілерін қайдан білсін.

Тағы бір мәселе. Әкімшілік юстиция. Оның мәні – мемлекеттік органның «кінәлілігінің презумпциясы». Талап арыз берген адам емес, керісінше, мемлекеттік орган өз шешімін не әрекетін негіздеп беруге міндетті.

Әкімшілік юстиция мемлекеттік органдардың адамдар мен бизнеске көзқарасын жақсартады. Ол енгізілген елдерде мемлекеттік аппарат тәртіпке келген, экономикалық ахуал сауыққан, инвестиция артқан.

Осы екі заң 5 маусымға дейін Мәжіліске енеді.

Есте шығар, былтыр «Жеті түйін», біраз жобалар жайлы өте көп айтылып кетті деген сын болатын. Қазір ондай әңгіме қысқарды. Неге? Себебі, көп нәрсе орындалу үстінде, ал заңдар мемлекеттік органдар мен Парламентте келісу үшін біраз күш-жігерді қажет етеді. Толығырақ - слайдтарда (1-қосымша).

Одан бөлек шілдеде жарты жылдық кеңес өткіземіз. Өз баяндамамда осы жұмыстың барлығын қорытындылаймын. Фактчекинг жасаймын деуге болады - қандай уәде берілді, қайсысы орындалды, егер орындалмаса, неге және қашан іске асады.

Бірақ, қазір үшінші міндет жайлы айтпақпын. Ол судьяларды дауы жоқ істер мен материалдардан босатуға қатысты. Бұл бізге күрделі істерді қарауға үлкен кедергі болып отыр.

Өздеріңізге белгілі, сот орындаушыларының әрекетіне санкцияның бір бөлігінің күші жойылды немесе/және прокуратураға берілді. Нотариустың өкілеттігі кеңейтілді. Оңайлатылған өндірістің бір бөлігі бұйрық өндірісіне берілді.

Басқа да маңызды шаралар жүзеге асты, соның ішінде жиі қаралатын істер бойынша бірыңғай сот практикасына қатысты. Оған қоса «Татуласу: сотқа дейін, сотта» жобасы шеңберінде дауларды соттан тыс шешудің артықшылықтары кеңінен насихатталуда.

Бұл өзгерістер енді ғана нәтиже бере бастады.

Мамырда сәуір айымен салыстырғанда істер мен материалдардың жалпы саны 3,5 есеге, 551-ден 156 мыңға;

- азаматтық – 4,5 есе, оның ішінде істер - 13%-ға;

- қылмыстық – 23%-ға;

- әкімшілік – 22%-ға азайды.

Сот орындаушыларының іс-әрекетіне санкциялар азаматтық соттардан 9 есе аз сұралған.

Дегенмен, мамырда демалыс және мереке күндері көп, сол себептен адамдар сотқа аз жүгінді деп айтылуы мүмкін.

Жарайды, онда былтырғы мамырмен салыстырып көрейік. Осы

мамырда істер мен материалдардың саны 2 есеге азайған: азаматтық – 2,3 есеге, қылмыстық – 17%-ға. Әкімшілік – бұрынғы деңгейде.

Азайған тек материалдар емес, сонымен бірге нақты істер: азаматтық - 26%-ға, қылмыстық - 31%-ға. Яғни, азаю тек сот орындаушыларының санкциясы ғана емес, сондай-ақ сот істері есебінен болып отыр.

Жалпы, жүктеме 10 жыл бойы үздіксіз өсіп келді. Ал, судьялардың штаты өзгерген жоқ деуге болады.

Бұл соңғы 10 жыл ішіндегі алғаш рет төмендеу.

Осылайша, соттардан шектен тыс жүктемені алып тастадық және бұрын болжамдалған күрт өсуге жол берген жоқпыз (биыл істер мен материалдар саны 8 млн жетіп, кейбір соттардың жұмысына қауіп төндіреді деп күтілген болатын).

Ескеретін тағы бір мәселе, Мәжілісте талқыланып жатқан және жаңадан әзірленген түзетулер де даусыз істердің едәуір бөлігін азайтпақ.

Десек те, біз тергеу соттары, экономикалық, әкімшілік соттар бойынша әлде де жұмыс жасауымыз керек.

Сол үшін заңнамалық және ұйымдастырушылық шаралардың қосымша тізімін жасадық. Қоса берілген кестені пысықтап, оны өз ұсыныстарыңызбен толықтырсаңыздар. Хаттарыңызды 8 маусымға дейін 707-0138@sud.kz адресіне күтеміз.

Соңғы мәселе. Бір аптадан кейін сайлау. Осы атаулы оқиғамен құттықтай отырып, сіздерді және жақындарыңызды сайлауға белсенді қатысуға, сол арқылы азаматтық көзқарас танытуға шақырамын.



Ж. Асанов

Уважаемые коллеги!

19 ноября 2018 г. Елбасы на совещании по модернизации судов поставил 3 приоритетные задачи:

Первая – улучшить кадровый состав судей.

Вторая – сделать судебные процессы разумными.

Третья – освободить судей от ненужной нагрузки.

Эти задачи нацелены решить 80% наших проблем.

С АП и ВСС разработали 15 законов: 6 - уже действуют, 3 - в Парламенте, 6 - вносим в Мажилис.

По судебским кадрам. До сих пор сильные юристы не хотели быть судьями. Почему? Сетовали на непрозрачный отбор и субъективизм при карьерном росте, аномальную нагрузку и неконкурентный соцпакет. Все эти проблемы мы сегодня практически убрали.

Кандидатов в судьи ждут жёсткие фильтры - решают кейсовые задачи, пишут эссе, проходят собеседование у судей ВС, сдают психотест и др.

Смотрите, какой мы получили результат.

Если раньше конкурс проходил каждый четвёртый, то сейчас лишь двадцатый. Слабым дорога закрыта.

Теперь, надеемся, конкурсы привлекут юристов из госорганов и бизнеса. Те, кто силён по недропользованию, интеллектуальной собственности, монопольному законодательству, экологии, финансам, налогам, банкам, таможне и др.

Все эти и иные меры:

- остановили отток из судебского корпуса: ведь до этого многие сами уходили;

- в 2 раза стало больше желающих стать судьёй.

Усиливаем личную ответственность. Если каждый год по негативу увольняли 6-7 судей, то за эти 5 месяцев - уже 20.

Раньше по судьям за год возбуждалось одно - максимум два уголовных дела, за эти 5 месяцев – 7.

В мае создали Комиссию по качеству. Она под «микроскопом» будет изучать профессиональные и этические стороны тех, кто хочет «расти». К тому же, в этом году Комиссия будет оценивать каждого пятого судью в новом жёстком формате. Те, кто допускают серьёзный брак в работе, вряд ли пройдут эту проверку успешно, а это, безусловно, повлечёт увольнение.

Вторая задача - сделать судебные процессы понятными, удобными, разумными. Эти задачи решают 2 закона, разработанные с АП и Правительством.

Первый проект очищает гражданские процессы от формализма. В рамках простого дела судья обязан вынести до 14 промежуточных

бесполезных решений.

Судья зажат по ГПК. Он не вправе докопаться до истины, если стороны сами не раскроют эти детали.

Всё это раздражает и людей, и бизнес. Откуда им знать тонкости процесса и процессуальные барьеры.

Ещё момент. Адмюстиция. Суть - «презумпция виновности» госоргана. Он обязан обосновать своё решение или действие, а не тот, кто на него подал иск.

Адмюстиция поменяет отношение госорганов к людям и бизнесу. В странах, где она работает, госаппарат стал дисциплинирован, оздоровился экономический климат, в рост пошли инвестиции.

Эти два закона до 5 июня будут в Мажилесе.

Помните, в 18-ом году мы очень много говорили о «Семи камнях», десятках пилотах. Даже поднадоели.

Сегодня, как видите, молчим. Почему? Просто многое реализуется, а законы требуют много усилий для сопровождения в госорганах и Парламенте. Более подробно об этом - в слайдах (приложение 1).

Кроме того, в июле у нас пройдет расширенное по итогам полугодия. В своем докладе подытожу итоги всей этой работы. Это своего рода фактчекинг. Скажем, что было обещано и что из них выполнено. Если не выполнено, то почему и когда сделаем.

Но, сейчас скажу о третьей задаче. Она касается освобождения от дел и материалов, где нет споров. Они мешают нам сосредоточиться на сложных делах.

Как вам известно, часть санкций на действия судoisполнителей отменены или/и переданы прокуратуре.

Расширены полномочия нотариуса.

Часть упрощенного производства - в приказное.

Реализованы и другие меры, в т.ч. и по единой практике по наиболее часто рассматриваемым делам. Плюс идёт масштабная пропаганда преимуществ внесудебного разрешения споров в рамках проекта «Татуласу: сотқа дейін, сотта (Примирение: до суда, в суде)».

Эти изменения только начали давать результаты.

В мае в сравнении с апрелем общее число дел и материалов меньше в 3,5 раза, с 551 до 156 тысяч:

- гражданских – в 4,5 раз, в т.ч. дел - на 13%;
- уголовных – на 23%;
- административных – 22%.

Санкции судoisполнителям просили в 9 раз меньше.

Кто-то скажет, в мае больше выходных и праздничных и людям не до судебных тяжб.

Хорошо, давайте сравним с маем прошлого года. В текущем мае

общее число поступивших дел и материалов меньше в 2 раза: гражданских - в 2,3 раза, уголовных - на 17%. Административные - тот же уровень.

Причем меньше стало не только материалов, но и, главное, конкретных дел: гражданских – на 26%, уголовных - на 31. То есть сокращение и по санкциям судоисполнителей, и по судебным делам.

В целом, стремительный рост нагрузки на судей шёл непрерывно последние 10 лет. Причём штатная численность судей практически не менялась.

Надлом тренда наблюдаем впервые за 10 лет.

Таким образом, нам удалось снять аномальный нагрузку и не допустить ранее спрогнозированного колоссального её роста (*ожидалось: в этом году число дел и материалов достигнет 8 млн., что ставит под сомнение работоспособность отдельных судов*).

Надо также учесть, что проекты, обсуждаемые сейчас в Мажилисе, и разработанные новые поправки также снимут существенную часть бесспорных дел.

Тем не менее, нам предстоит основательно поработать по следственным судам, СМЭС и СМАС.

Для этого мы составили дополнительный список законодательных и организационных мер. Прошу изучить представленную таблицу и дополнить своими предложениями. Идеи ждем до 8 июня на адрес 707-0138@sud.kz.

И последнее. Через неделю выборы. Поздравляю с этим знаменательным событием в жизни нашей Родины и призываю вас и ваших близких принять в нем участие, проявив свою гражданскую позицию.



Ж. Асанов

МОДЕРНИЗАЦИЯ судебной системы

Совещание от 19 ноября 2018 года

- I. улучшить кадровый состав судей
- II. освободить судей от ненужной нагрузки
- III. сделать судебные процессы разумными

Разработаны 15 законопроектов:

- 6 законов введены в действие
- 3 закона – в Парламенте
- 6 – на стадии внесения в Мажилис

ПЕРВАЯ ЗАДАЧА:

Улучшить кадровый состав судей

Проблемы:


- непрозрачный отбор новых судей
- субъективизм при карьерном росте
- аномальная нагрузка
- неконкурентная зарплата

Решение:

- а) создать стимулы, чтобы лучшие юристы захотели стать судьями
- б) ввести жёсткие фильтры отбора новых судей и карьерного роста действующих
- в) усилить личную ответственность судей

- а) создать стимулы, чтобы лучшие юристы захотели стать судьями


Фонд зарплаты судей



**Зарплата судьи (СССР)
(за год, на старте карьеры судьи райсуда)**

2018 год (в евро, курс на 31.12.18) <i>на руки</i>		2019 год (в евро, курс на 01.04.19) <i>на руки</i>	
1. Эстония	33 619	1. Эстония	34 097
2. Украина (повышение с 2017 г.)	20 918	2. Украина (повышение с 2017 г.)	21 215
3. Литва	19 210	3. Литва	19 483
4. Латвия	16 108	4. Латвия	16 337
5. Россия (повышение с 2019 г.)	15 220	5. Россия (повышение с 2019 г.)	15 436
6. Грузия	14 002	6. Казахстан (с оздоров. пособием, повышение с 2019 г.)	14 644
7. Армения	13 818	7. Грузия	14 201
8. Азербайджан	10 538	8. Армения	14 014
6. Казахстан (с оздоров. пособием, повышение с 2019 г.)	6 706	9. Азербайджан	10 688
10. Молдова	6 233	10. Молдова	6 322

**СУДЬИ, УВОЛЕННЫЕ ПО СОБСТВЕННОМУ ЖЕЛАНИЮ
(без учёта уволенных в связи с пенсией и по отрицательным мотивам)**



**ЖЕЛАЮЩИЕ СТАТЬ СУДЬЕЙ ВПЕРВЫЕ
(в рамках одного конкурса)**

2018 70 кандидатов

2019 130 кандидатов

б) ввести жёсткие фильтры отбора новых судей и карьерного роста действующих

ИЗМЕНИЛИ ОТБОР СУДЕЙ

Было

- тест на знание законов
- устный экзамен (билеты)
- проверка психолога
- полиграф (детектор лжи)

Сейчас

- тест на законы в АДГС
- кейсовые задачи
- проверка психолога
- полиграф (детектор лжи)
- письменное эссе
- интервью с 7-8 судьями

УСПЕШНО ПРОШЛИ ЭКЗАМЕН:

25%

5%

Создана Комиссия по КАЧЕСТВУ ПРАВОСУДИЯ

- профессиональной деятельности
- морально-нравственных качеств

в) усилить личную ответственность судей

УВОЛЕНО СУДЕЙ по отрицательным мотивам

ежегодно → 6-7
5 мес. 2019 → 20


ВТОРАЯ ЗАДАЧА:

Сделать судебные процессы понятными, удобными, разумными

МНОГО ФОРМАЛИЗМА



ПО ОДНОМУ ГРАЖДАНСКОМУ ДЕЛУ ДО 14-ТИ ПРОМЕЖУТОЧНЫХ ОПРЕДЕЛЕНИЙ!



ПРИОРИТЕТНЫЕ ЗАКОНОПРОЕКТЫ:

1) по гражданскому процессу

2) по адмюстиции

ЦЕЛЬ: защита интересов рядовых граждан и бизнеса

1) ПРОЕКТ ПО ГРАЖДАНСКОМУ ПРОЦЕССУ

Проблема

- судья втиснут в узкие рамки процесса
- судья процессуально пассивен
- освобожден от сбора доказательств

Решение

- судья может выйти за рамки иска
- судья процессуально активен
- может истребовать доказательства, чтобы докопаться до истины

2) ПРОЕКТ ПО АДМЮСТИЦИИ


Проблема

- бремя доказывания лежит на истце
- судья пассивен в процессе
- низкое качество работы госорганов

Решение


- госорган обязан доказать свою правоту
- судья активен в установлении истины
- судебный контроль за исполнением решения

ДИНАМИКА ДОЛИ ОПРАВДАТЕЛЬНЫХ ПРИГОВОРОВ без учёта бесспорных и частного обвинения уголовных дел




СОДЕРЖАНИЕ РЕШЕНИЙ И ПРИГОВОРОВ

Было



- сплошной, длинный текст
- «тяжёлый» язык, сложные термины
- нет структуры и нумерации
- много лишней информации

Сейчас



- краткий, лаконичный текст
- доступный язык
- чёткая структура как в межд. судах
- ответы на каждый довод

РАЗЪЯСНЕНИЕ РЕШЕНИЙ И ПРИГОВОРОВ

Было

- судья оглашает приговор/решение и сразу покидает зал
- сторонам не дают ответы на их вопросы
- непонимание и недовольство
- жалобы в вышестоящие инстанции

Сейчас

- судья оглашает приговор/решение и на доступном языке разъясняет, почему он принял такое решение
- стороны получают ответы на вопросы
- им понятна логика решения
- меньше недовольных, меньше жалоб


КОМФОРТ И СЕРВИС

Было



никто ничего не объясняет, толкучка у окошек приёма, тесное помещение

Сейчас




ресепшн, где всё объясняют, цифровая очередь, терминалы оплаты, медиатор, адвокат, открытое, светлое пространство

ФРОНТ-ОФИСЫ (единый дизайн)



- СТАРТ ПРОЕКТА – апрель 18 года
- НА СЕГОДНЯ В 50 СУДАХ
- ДО КОНЦА ГОДА – ЕЩЁ 100 СУДОВ из 376 (27%)

ЦЕНТРЫ ВНЕСУДЕБНОГО ПРИМИРЕНИЯ



- СОЗДАНЫ В 16 ОБЛАСТЯХ
- ВСЕГО ПО СТРАНЕ – 46 ЦЕНТРОВ
- КАБИНЕТОВ ПРИМИРЕНИЙ – 1 016

СУДЬЯ-ПРИМИРИТЕЛЬ (пилотный проект с 18 года)



- СУДЕЙ-ПРИМИРИТЕЛЕЙ – 93
- ПРИМИРЯЮТ – 55% споров

НОЧНЫЕ СУДЫ (пилотный проект 18 года)

до 18 года

Сейчас

НЕ БЫЛО



- после ДТП: протокол полиции + решение суда – 3 месяца
- страховка на руки - через 100 дней
- транспорт стоит, много неудобств
- люди недовольны, коррупция

- протокол + решение суда - за 3 дня + 10 дней для вступления в силу
- страховка на руки - через 15 дней
- суд - в нерабочее, вечернее время
- созданы в 16-ти облцентрах

СЕМЕЙНЫЕ СУДЫ (пилотный проект с 18 года)



- старт пилота – сентябрь 18 года
- судей по семейным делам – 107
- примирение супругов – 41% дел
- участвуют психологи, медиаторы
- сохраняются семьи, отношения

ПОМОЩНИК СУДЬИ (пилотный проект с 18 года)




- судьи освобождены от технической работы
- улучшилось качество правосудия
- уменьшились жалобы от сторон
- помощники получают навыки судьи

ЦЕНТР ПРИЁМА ГРАЖДАН

Было



с декабря 2018



- 1 раз в квартал – Председатель ВС
- 1 раз в месяц – председатели коллегий ВС
- всего - 40 приёмов граждан в год

- 1 раз в месяц – Председатель ВС
- 2 раза в месяц - председатели коллегий
- ежедневно – судьи ВС, советники ПВС
- всего – 492 приема граждан в год
- постоянный приём двумя судьями ВС

САНКЦИИ НА АРЕСТ ЧЕЛОВЕКА

2017

16 332

2018

9 833

-39 %

ЗАЛОГ

2017

28



2018

1 407

Рост – в 50 раз

ЦИФРОВИЗАЦИЯ. К ЧЕМУ СТРЕМИМСЯ?



Онлайн трансляция судебных заседаний

- Гласность
- Прозрачность процесса
- Открытость судов



Искусственный интеллект

- Машинное обучение
- Роботизация
- Распознавание речи



BIG-Data

- Глубокий анализ
- Мгновенная обработка данных
- Помощь в принятии решений



Технология Блокчейн

- Неизменность данных
- Взаимодействие сторон
- Точная информация

КАЗАХСТАН В ГЛОБАЛЬНЫХ РЕЙТИНГАХ

2017

Декабрь 2018

ГЛОБАЛЬНЫЙ ИНДЕКС КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ
«Независимость судебной системы»

79 место

73 место

ИНДЕКС ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА

64 место

65 место


ВЕДЕНИЕ БИЗНЕСА (DOING BUSINESS)
«Обеспечение исполнения контрактов»

6 место

4 место

ТРЕТЬЯ ЗАДАЧА: Освободить судей от ненужной нагрузки

■ штат судей



Жоғарғы Соттың кезекті жалпы отырысы өтті

2019 жылғы 31 мамырда Жоғарғы Соттың Төрағасы Жақып Асанов жоғары сот органының кезекті жалпы отырысын өткізді.



Күн тәртібінде – әкімшілік қадағалау жөніндегі заңнаманы қолданудың сот практикасы туралы, азаматты хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы, сондай-ақ «Сот шешімі туралы», «Соттардың Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Жалпы бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы» және «Соттардың Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің Ерекше бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулыларға түзетулер енгізу туралы нормативтік қаулылардың (НҚ) жобаларын қарау.

Оған Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары, ғылыми-консультативтік кеңестің мүшелері, Конституциялық Кеңестің, Бас прокуратураның, әділет, ішкі істер министрліктерінің, мемлекеттік кіріс және ұлттық қауіпсіздік комитеттерінің өкілдері қатысты.



Жоғарғы Соттың судьясы Серік Әбнәсіров өз сөзінде «Әкімшілік қадағалау жөніндегі заңнаманы қолданудың сот практикасы туралы» нормативтік қаулыны қабылдау заңнаманы жаңартумен байланысты екенін түсіндірді. Нормативтік қаулыда әкімшілік қадағалау ұғымының мәні ашылып, әкімшілік қадағалауды белгілеудің тәртібі мен мерзімдеріне жан-жақты түсінік беріліп, өздеріне қатысты әкімшілік қадағалау белгіленуі мүмкін субъектілер айқындалды. Әкімшілік қадағалауды ұзарту және тоқтату негіздері мен рәсімі, сондай-ақ сотталған адамдарды адвокаттармен қамтамасыз ету және сот актілеріне шағым жасау тәртібі де түсіндірілді. Сотталушының қоғамдық тәртіпті үнемі бұзуына байланысты әкімшілік қадағалау белгіленген кезде бұзушылықтардың тек сандық көрсеткіштері ғана емес, сонымен бірге қол сұғу объектісі мен жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар сипатының да айқындалуы маңызды бар. «Оның қандай құқық бұзушылық жасағанын, қоғамдық тәртіпті, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзған-бұзбағанын айқындау маңызды», - деді С. Әбнәсіров.

Жоғарғы Соттың судьясы Рэзия Қуанышбаева «Азаматты хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулы жобасы жөнінде айта келе, онда істерді қарау кезінде туындайтын бірқатар мәселелер бойынша түсіндірме берілгеніне назар аударды.



Нақты айтқанда осы рәсім туралы кімге бастамашылық жасау құқығы берілгені, сотқа беру кезінде тиісті арыздың қалай ресімделуі тиіс екені, сотқа қандай дәлелдемелерді ұсынуы және судья істі дайындау барысында қандай әрекеттерді жүзеге асыруы тиіс екендігі көрсетілген.

Р.Қуанышбаева осы ретте жарияланымдарды белгілі бір баспа басылымдарына орналастыруды, жарияланым мәтінінің сәйкестігін және жарияланымды орналастыру үшін мерзім белгілеуді сот қамтамасыз етуге тиіс екенін атап өтті.

Жоғарғы Соттың судьясы Денис Шипп Соттардың Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі Жалпы бөлігінің нормаларын қолдануы туралы нормативтік қаулыны қабылдау қажеттігін заңнамаға түзетулерді енгізумен байланысты деп түсіндірді. Д.Шипп «Енді сот жеке тұлғалар үшін ғана емес, сонымен қатар айыппұл салынған кез келген басқа тұлғалар үшін де салынған айыппұлдың мөлшерін азайтуды қолдана алады», - деп атап өтті. Нормативтік қаулының жекелеген тармағында коммерциялық емес ұйымдарға әкімшілік жаза қолдану кезінде уәкілетті органның кәсіпкерлік субъектісінің санаты туралы мәліметтері ескерілмейтіні түсіндіріледі.



Аяқталмаған құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік жаза қолданудың ескіру мерзімін есептеу құқық бұзушылық анықталған сәттен бастап айқындалады. Бұл ретте құқық бұзушылық анықталған жағдайда оны қалай анықтайтыны туралы нақтыланған.

Жоғарғы Соттың судьясы Нұрия Сисенова атап өткендей «Сот шешімі туралы» нормативтік қаулыға түзетулер енгізу Азаматтық процестік кодекстің жаңа ережелерінде көрсетілген қайшылықтарды жою қажеттілігіне негізделгенін атап өтті.

Жалпы отырысқа қатысушылар нормативтік қаулылардың жобаларын талқылау қорытындылары бойынша оларға бірқатар ұсыныстар енгізіп, оларды қабылдады.

Редакциялық алқа

В Верховном Суде состоялось очередное пленарное заседание

31 мая 2019 года Председатель Верховного Суда Жакип Асанов провел очередное пленарное заседание высшего судебного органа.

На повестке дня – рассмотрение проектов нормативных постановлений (НП) о судебной практике применения законодательства об административном надзоре, признании лица безвестно отсутствующим или объявлении лица умершим, а также внесении поправок в НП «О судебном решении», «О некоторых вопросах применения судами норм Общей части Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях» и «О некоторых вопросах применения судами норм Особенной части Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях».

В его работе приняли участие председатели судебных коллегий и судьи Верховного Суда, члены научно-консультативного совета, представители Конституционного Совета, Генеральной прокуратуры, министерств юстиции, внутренних дел, комитетов государственных доходов и национальной безопасности.

Выступая, судья Верховного Суда Серик Абнасилов пояснил, что принятие НП «О судебной практике применения законодательства об административном надзоре» обусловлено обновлением законодательства. В НП раскрыто понятие административного надзора, дано детальное разъяснение порядка и сроках установления административного надзора, определены субъекты, в отношении которых может быть установлен административный надзор. Также разъяснены основания и процедура продления и прекращения административного надзора, а также порядок обеспечения осужденных адвокатами и обжалования судебных актов. При установлении административного надзора в связи с систематическим нарушением осужденным общественного порядка определяющее значение имеет не просто количественный показатель нарушений, но и объект посягательства и характер совершенных административных правонарушений. «Важно определить какое он совершил правонарушение, нарушил ли общественный порядок, права и свободы граждан», - сказал С.Абнасилов.

Выступая о проекте НП «О судебной практике по делам о признании гражданина безвестно отсутствующим или объявлении



умершим», судья Верховного Суда Разия Куанышбаева обратила внимание, что в нем дано разъяснение по ряду вопросов, возникающих при рассмотрении дел. Так, указано о том, кому предоставлено право инициирования данной процедуры, как должно быть оформлено соответствующее заявление при подаче в суд, какие доказательства следует предоставить суду и какие действия должен осуществить судья в ходе подготовки дела.



Р.Куанышбаева отметила, что суд при этом должен обеспечить размещение публикаций в определенных печатных изданиях, соответствие текста публикации и установление срока для размещения публикации.

Необходимость принятия НП о применении судами норм Общей части Кодекса РК об административных правонарушениях, судья Верховного Суда Денис Шипп разъяснил внесением поправок в законодательство. «Теперь суд может применить сокращение размера наложенного штрафа не только для физических, но и любых других лиц, на которых наложен штраф», - отметил Д.Шипп. Отдельным пунктом НП разъясняется, что при наложении административного взыскания на некоммерческие организации сведения уполномоченного органа о категории субъекта предпринимательства не учитываются.



Исчисление срока давности наложения административного взыскания по делящимся правонарушениям определяется с момента обнаружения правонарушения. При этом уточнено, как считать момент обнаружения правонарушения.

Судья Верховного Суда Нурия Сисенова отметила, что внесение поправок в НП «О судебном решении» обусловлено необходимостью устранения противоречий в НП новым положениям Гражданского процессуального кодекса.

По итогам обсуждения проектов НП участники пленарного заседания внесли в них ряд предложений и приняли их.

Редакционная коллегия

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ № 1 НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 31 мамыр

Нұр-Сұлтан қаласы

Әкімшілік қадағалау жөніндегі заңнаманы қолданудың сот практикасы туралы

Соттарда істерді қарау кезінде Қазақстан Республикасының әкімшілік қадағалау туралы заңнамасын қолдану жөнінде сұрақтардың туындауына байланысты, аталған істер бойынша біркелкі сот практикасын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы мынадай түсіндірмелер беруге қаулы етеді.

1. Әкімшілік қадағалау туралы заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінен (бұдан әрі - ҚК), Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінен (бұдан әрі - ҚПК), Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінен (бұдан әрі - ҚАК), Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінен (бұдан әрі - ӘҚБтК), «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі № 28-І Заңынан (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Әкімшілік қадағалау Заңда көзделген қылмыстың белгілі бір түрлері үшін соттылығы бар, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың құқықтары мен бостандықтарына соттың уақытша шектеулер белгілеуі, оларға міндеттер жүктеуі (бұдан әрі – әкімшілік шектеу) және аталған адамдардың (қадағалаудағы адамдардың) әкімшілік шектеулерді сақтауын ішкі істер органдарының бақылауы арқылы қайта қылмыс жасауының жолын кесуге бағытталған шара болып табылады. Әкімшілік қадағалау қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жазалау болып табылмайды.

3. Әкімшілік қадағалауды белгілеу туралы мәселені шешу кезінде соттар адамның Заңға сәйкес әкімшілік қадағалау белгіленуі мүмкін субъектісі болатын-болмайтынын тексеруі қажет.

Заң жазаларын бас бостандығынан айыру түрінде өтеп жатқан адамдарға ғана қолданылатынын соттардың ескергендері жөн, бұл ретте әкімшілік қадағалау шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарға олар Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде тұрып жатқан (болған) жағдайда қолданылуы мүмкін.

Жасаған әрекеті үшін жазасын өтеген адамның әрекетінің

қылмыстың қай түрі террористік немесе экстремистік қылмыстарға не кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстарға жататынын анықтау кезінде соттар ҚК-нің 3-бабының 30), 39) және 42) тармақтарын (Заңның 2-бабының а) тармақшасы) басшылыққа алуы тиіс.

Ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстары үшін немесе қасақана қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп рет сотты болғандарға қатысты әкімшілік қадағалауды белгілеу кезінде осы аталған адамдарға әкімшілік қадағалау олардың жаза мерзімі аяқталған кезде дәрежесі үшінші теріс мінез-құлқы танылған жағдайда белгіленетінін ескеру қажет (Заңның 2-бабының б) тармақшасы).

4. Әкімшілік қадағалау ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстары немесе қасақана қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп рет сотты болған адамдарға Заңның 2-бабының в) тармақшасына сәйкес мынадай мән-жайлардың жиынтығы:

адам ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстары үшін жазасын өтеген немесе қасақана қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп рет сотталған;

жазасын өтегеннен кейін оған қатысты ішкі істер органдары ескерту шығарған;

адам қоғамдық тәртіпті, адамның және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін үнемі бұзған, өзге де құқық бұзушылықтарды жасаған кезде белгіленуі мүмкін.

Ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстары үшін жазасын өтеген немесе қасақана қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп рет сотты болған адамды ескерту оны ішкі істер органдарының құқыққа қарсы мінез-құлыққа, қоғамдық тәртіпті, адамның және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға, өзге де құқық бұзушылық жасауға жол беруге болмайтындығы туралы ресми түрдегі ескертуінен тұрады. Ескерту жазбаша нысанда шығарылады.

Адам жазасын өтегеннен кейін алғашқы әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезден бастап есептелетін бір жыл ішінде оның жеке адамның құқықтарына, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қол сұғатын екі және одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасауы қоғамдық тәртіпті, адамның және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін үнемі бұзу болып табылады (Заңның 2-бабының в) тармақшасы, ӘҚБтК-нің 10, 12, 24, 25-тараулары).

Аталған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылығы үшін бас бостандығынан айырумен байланысты емес және олардың мінез-құлқына бақылау белгіленбей жазалау шарасы тағайындалып, не оларға қатысты оңалтпайтын негіздер бойынша іс тоқтатылып сотталуын өзге де құқық бұзушылықтар жасау деп түсінген жөн.

5. Әкімшілік қадағалау белгіленуі мүмкін Заңның 2-бабында көрсетілген адамдар тізбесі толық болып табылады және кеңінен түсіндіруге жатпайды.

Осыған байланысты соттылығы бар адамдарға әкімшілік қадағалау:

қылмыс деп танылмаған және қылмыстық заңның өзгеруіне байланысты соттауға әкелмейтін;

қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтемеген ауыр немесе аса ауыр қылмыстар санатына жататын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін белгіленбейді.

Қасақана қылмыс жасағаны үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталған және бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтемеген, сондай-ақ қылмыстық заңда белгіленген тәртіппен соттылығы алынған немесе өтелген адамдар әкімшілік қадағалауға алынуы мүмкін емес.

Әрекеттің жазалануын жеңілдететін қылмыстық заңның кері күші туралы ҚК-нің 6-бабының талаптарына сәйкес әкімшілік қадағалау бұрын ауыр қылмысы үшін сотталған және жазасын өтеген, бірақ өзгертілген қылмыстық заң бойынша ауырлығы жеңілдеу қылмысқа ауысқан қылмысы үшін сотталған адамға да қатысты белгіленуі мүмкін емес.

Егер әкімшілік қадағалау белгіленген, бірақ адам жазасын өтеген соң әрекеті кейіннен қылмыс деп танылмаған болса, онда сот қадағалауда жүрген адамның немесе оның қорғаушысының өтінішхаты бойынша немесе ішкі істер органдарының не прокурордың ұсынуымен әкімшілік қадағалауды белгілеу туралы қаулының күшін жойып, ол туралы қаулы шығарады.

6. Бас бостандығынан айыру орындарынан жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға, сондай-ақ өтелмеген жазасының бір бөлігі пробациялық бақылау белгілене отырып жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырылған адамдарға қатысты әкімшілік қадағалауды белгілеуге болмайды.

Осы адамдар ҚК-нің 79-бабына сәйкес жазаның өтелмеген бөлігінің мерзімі аяқталғаннан кейін және сотталғандығы өтелгенге немесе алынғанға дейін үнемі қоғамдық тәртіпті, адам мен азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған, өзге де құқық бұзушылықтарды жасаған жағдайда осы адамдарға қатысты әкімшілік қадағалау белгіленуі мүмкін.

7. Әкімшілік қадағалауды қаулы шығару арқылы сот қана белгілейді, онда сот Заңның 3-бабында көзделген қандай нақты негіздер бойынша адамның әкімшілік қадағалауға жататынын көрсетуге тиіс.

Заңның 3, 4, 5-баптарына сәйкес сотқа әкімшілік қадағалауды белгілеу туралы ұсынумен ішкі істер органының бастығы; әкімшілік қадағалауды ұзарту және бұрын белгіленген әкімшілік шектеулерді толықтыру туралы – ішкі істер органы; мерзімінен бұрын тоқтату немесе ішінара күшін жою, әкімшілік шектеулерді қысқарту туралы – ішкі істер және (немесе) қадағалайтын орган, оның қорғаушысы

өтінішхатпен жүгіне алады.

Қадағалаудағы адамның денсаулығына, жасына байланысты не басқа да дәлелді себептер бойынша өзі сотқа жүгіне алмаған жағдайда қадағалауға алынған адамның құқықтары мен бостандығын қорғау үшін әкімшілік қадағалауды мерзімінен бұрын тоқтату немесе әкімшілік шектеулерді ішінара қысқарту туралы ұсынумен прокурордың сотқа жүгіну құқығы бар.

Қылмыстық атқару жүйесі мекемесінің бастығы осы мекемеден босатылуға тиіс сотталған адамға қатысты әкімшілік қадағалауды белгілеу туралы ұсынуды уәждеуге және сотталған адамға қатысты апелляциялық, кассациялық сатылар үкімінің, қаулыларының көшірмесін, заңды шешім қабылдау үшін және әкімшілік қадағалауды белгілеу қажеттігін куәландыратын маңызы бар басқа да материалдарды, оның ішінде сотталған адамның жазасын өтеу кезінде мінез-құлқын сипаттайтын жан-жақты деректерді, сондай-ақ сотталған адамның мінез-құлқының үшінші теріс дәрежесін белгілеу туралы қаулыны қоса беруге міндетті.

Ішкі істер органы бастығының сотталған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамға қатысты әкімшілік қадағалауды белгілеу, ұзарту туралы ұсынуында ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстар жасағаны туралы немесе қасақана қылмыстар жасағаны үшін екі және одан да көп рет бас бостандығынан айыруға сотталғаны туралы деректермен қатар оның мінез-құлқы туралы (атап айтқанда, адамның мінездемесі қоса беріледі), оның қоғамдық тәртіпті, адам мен азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін үнемі бұзғаны, өзге құқық бұзушылықтар жасағаны туралы мәліметтер қамтылуға тиіс. Ұсынуға сот актілерінің, бас бостандығынан айыру орындарынан босаған сотталған адамның қоғамдық тәртіпті, адам мен азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін үнемі бұзғаны, өзге де құқық бұзушылықтарды жасағаны туралы сот актілерінің көшірмелері қоса беріледі.

Сот жиналған материал толық болмаған, әкімшілік қадағалауды белгілеу, ұзарту туралы ұсынудағы дәлелдер жеткілікті уәждемеленген жағдайда, сондай-ақ әкімшілік қадағалауды белгілеу, ұзарту туралы ұсынуды қарауға кедергі келтіретін өзге негіздер бойынша кемшіліктерді жою үшін әкімшілік қадағалауды белгілеу, ұзарту туралы ұсынуды қаулы арқылы кері қайтарады.

Егер қадағалаудағы адам әкімшілік қадағалауды мерзімінен бұрын тоқтату немесе белгіленген әкімшілік шектеулерді ішінара жою туралы өтінішхат берсе, алайда берілген құжаттар мен материалдар заңды және негізді шешім қабылдау үшін жеткіліксіз болса, сот өз бастамасымен қажетті дәлелдерді өтінішхатты қайтармастан талап етуге құқылы.

8. Сот бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын

адамға әкімшілік қадағалауды белгілеу туралы қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі бастығының уәжді ұсынуымен сотталған адамның құқықтары мен бостандықтарына шектеулерді көрсетпей және оған міндеттерді жүктемей тек әкімшілік қадағалауды белгілеу туралы қаулыны жазаны орындау орны бойынша шығарады. Сот қадағалаудағы адамға қатысты нақты шектеулерді және міндеттерді ол жазасын өтеп келген кезде ішкі істер органының ұсынуымен тұрғылықты жері бойынша белгілейді.

9. Әкімшілік қадағалау мәжбүрлі шара бола тұра, Заңда көзделген белгілі бір мерзімге белгіленетінін соттардың назарға алғандары жөн. Заңның 6-бабына сәйкес әкімшілік қадағалау алты айдан үш жылға дейінгі мерзімге белгіленеді. Заңда мерзімді есептеу уақыт кезеңімен айқындалатындықтан, Заңның 6-бабының шегінде нақты мерзімді белгілеу соттың қаулысында уәжделуі тиіс (нақты кезең күндермен, айлармен, жылдармен не соттылығы өтелген сәтке дейінгі мерзім көрсетіледі).

Әкімшілік қадағалаудың қолданылу мерзімін сот қаулысы заңды күшіне енген күнінен бастап, ал сот әкімшілік қадағалауды белгілеген жағдайда қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің орны бойынша - қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен босаған сәттен бастап санаған жөн.

Сот әкімшілік қадағалау мерзімін белгілеу туралы мәселені талқылаған кезде сотталған адамның жазасын өтеп жатқан орны бойынша мінездемесін, тұрмыстағы мінез-құлқын, сондай-ақ жасаған қылмысының (қылмыстарының) қоғамға қауіптілік сипаттамасы мен дәрежесін және іс үшін маңызды өзге де мән-жайларды ескергені жөн, олар сот қаулысының уәжді бөлігінде көрсетілуі тиіс. Бұл ретте сот қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің немесе ішкі істер органының ұсынуында баяндалған негіздермен және уәждермен байланысты болмайды және өзінің қалауы бойынша мерзімді Заңның 6-бабында көрсетілген шектерде белгілеуге құқылы.

10. Әкімшілік қадағалауды қолдану мерзімі қадағалаудағы адам әкімшілік қадағалау қағидаларын немесе өзіне жарияланған шектеулерді бұзған, сол сияқты ол құқық бұзушылықтар жасаған жағдайларда, әрбір кезде алты айға, бірақ жиынтығында екі жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады. Кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты әкімшілік қадағалауды қолдану мерзімі әр кезде бір жылға ұзартылады.

Бұл ретте ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстары үшін жазасын өтеген немесе қасақана қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп рет сотты болған адамдарға әкімшілік қадағалауды қолдану мерзімін ұзарту (Заңның 2-бабының в) тармақшасы) соттылықты өтеу мерзімі шеңберінде ғана мүмкін.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту

туралы ұсынуына оларды ұзарту үшін негіздердің бар екенін куәландыратын материалдар қоса тіркелуге жатады.

Әкімшілік қадағалауды қолдану мерзімін ұзарту үшін негіздердің тізбесі толық болып табылады және кеңейтіп түсіндіруге жатпайды.

Әкімшілік қадағалауды ұзартудың қажетті шарты болып табылатын құқық бұзушылықтар деп қадағалаудағы адамның бір рет болса да жеке бастың құқықтарына, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына, сондай-ақ қоғамдық тәртіпке және имандылыққа (ӘҚБтК-нің 10, 12, 24, 25-тараулары) қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауын, не аталған адамды қылмыстық құқық бұзушылығы үшін оған бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түрі белгіленіп және оның мінез-құлқына бақылау белгіленбестен сотталғандығын, не оған қатысты іс бойынша іс жүргізу ақтамайтын негіздер бойынша тоқтатылғанын түсінген жөн.

Әкімшілік қадағалау мерзімі оны қолдану мерзімінің соңғы күнінен кешіктірмей ұзартылуы мүмкін.

Әкімшілік қадағалауды тоқтату шарттары басталған кезде ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалауды жүзеге асыратын қызметкерлері әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулыны дереу шығаруға міндетті, оны ішкі істер органының бастығы бекітеді. Әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулыны шығармау немесе уақтылы шығармау оны ұзартуға алып келмейді.

Қазақстан Республикасының әкімшілік қадағалау туралы заңнамасын бұзу әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулы болмаған кезде әкімшілік қадағалаудың мерзімі өткеннен кейін одан жалтару, адамды ӘҚБтК-нің 480-бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа және ҚК-нің 431-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін негіз болып табылмайды.

11. Сот әкімшілік қадағалауды белгілеу, мерзімін ұзарту туралы материалдарды қараған кезде өзіне қатысты әкімшілік қадағалауды белгілеу туралы мәселе шешілетін адамның қорғану құқығын қамтамасыз етуге тиіс, бұл ретте ҚПК-нің 67-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда қорғаушының қатысуы міндетті.

Сотталған адамға да әкімшілік қадағалауды белгілеу, әкімшілік қадағалауды қолдану мерзімін ұзарту туралы қаулыға шағым жасау құқығы мен тәртібі түсіндірілуі тиіс.

Сот әкімшілік қадағалауды белгілеу, ұзарту туралы ұсынуды енгізген органға немесе мекемеге, сонымен қатар прокурорға, қорғаушыға әкімшілік қадағалауды белгілеу, ұзарту туралы істің қаралатын орны мен уақыты туралы хабарлайды.

12. Әкімшілік қадағалау мерзімін белгілеу, ұзарту туралы істер бойынша сот отырысының дайындық бөлігі ҚПК-нің 43-тарауына сәйкес өткізіледі.

Сот отырысының дайындық бөлігі жүргізілгеннен кейін ішкі істер

органының өкілі ұсыну мен оған қоса берілген материалдардың мазмұнын баяндайды, одан кейін сот келіп түскен материалдарды зерттейді және сот отырысына келген адамдардың түсініктемелері мен пікірлерін тыңдайды.

Сотталған адам сот отырысы басталғанға дейін сотқа ұсынылған материалдармен танысуға және олардың көшірмесін жасауға құқылы, ал сот отырысында барлық материалдарды зерттеуге қатысуға, сотта сөз сөйлеуге, өтінішхаттар мәлімдеуге, дәлелдемелер ұсынуға, қаралып отырған мәселе бойынша өз пікірін білдіруге құқылы.

Сот қарау нәтижелері бойынша уәжді қаулы шығарады.

13. Әкімшілік қадағалау белгіленетін адамдарға қатысты қолданылатын шектеулердің Заңның 7-бабында айқындалған тізбесі кеңейтіп түсіндіруге жатпайды.

Заңның осы нормасы ережелерінің негізінде әкімшілік қадағалауды белгілеу, ұзарту туралы немесе бұрын белгіленген әкімшілік шектеулерді толықтыру туралы соттың қаулысында бір немесе бірнеше әкімшілік шектеулер айқындалуы тиіс.

Сот ішкі істер органының ұсынуында көрсетілмеген, бірақ Заңның 7-бабында көзделген тізбе шеңберінде өзге де әкімшілік шектеулерді анықтауға құқылы.

Нақты әкімшілік шектеулерді таңдау еркін сипатта болмайды, олардың қолданылуы жеке профилактикалық әсерді қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Атап айтқанда соттардың қадағалаудағы адам жасаған қылмыстың (қылмыстардың) қоғамдық қауіптілігі сипаты мен дәрежесін, жазаны өтеудің бүкіл кезеңі ішіндегі оның мінез-құлқын және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаннан кейінгі мінез-құлқын, аталған адамның отбасы жағдайын, оның жұмыс және (немесе) оқу орны мен кестесін, денсаулық жағдайын, сондай-ақ назар аударуға тұрарлық өзге де мән-жайларды ескергендері жөн. Егер адам алкогольдік масаң күйде қылмыс жасағаны үшін сотталған болса немесе жазаны өтеу кезеңінде қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесінде алкогольдік ішімдіктерді қолданғаны үшін жазаға тартылса, оның спирттік ішімдіктерді сату немесе ішу жүзеге асырылатын қоғамдық тамақтану орындарында болуына тыйым салатын әкімшілік шектеулерді қолдану мәселесін қарау орынды болады.

Шектеулерді белгілеу кезінде тұрғынжайдан кетуге тыйым салу, қадағалаудағы адамның еңбек міндеттерін орындауы жағдайларын қоспағанда, процестік заңнамада жергілікті уақыт бойынша сағат 22-ден сағат 6-ға дейінгі аралықта айқындалатын түнгі уақыт шегінде ғана белгіленуі мүмкін екенін соттар ескеруге тиіс.

Қаулыны орындайтын орган сот белгілеген шектеулердің шегінен шықпауға тиіс және азаматтардың құқықтарына (еңбек, сайлау, қоғамдық және тағы да басқа) қатысты өзге шектеулерге жол бермеуге тиіс.

Қадағалаудағы адам басқа елді мекенге уақытша барған кезде қадағалауды жүзеге асыратын ішкі істер органының жазбаша рұқсатын алуға міндетті.

14. Әкімшілік қадағалауды белгілеу, мерзімін ұзарту, әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы ұсынуларды және әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы өтінішхатты қарау кезінде сот отырысының хаттамасы жүргізіледі. Хаттама ҚПК-нің 347-бабына сәйкес компьютерлік, электрондық (аудио-, бейнетіркеуді қоса алғанда), машинада жазу не қолмен жазу тәсілімен жасалады.

Сот отырысы барысын тіркеу ҚПК-нің 347-1-бабына сәйкес аудио-, бейнежазба құралдарының көмегімен жүзеге асырылады.

Іске қатысатын адамдардың өтінішхаты бойынша сот аудио-, бейнежазбаның көшірмесін немесе сот отырысының хаттамасын ұсынады.

Қағаз жеткізгіште жасалған хаттамада, егер ҚПК-нің 347-бабы үшінші бөлігінде көрсетілген мәліметтерден бөлек сот талқылауының аудио-бейне жазбасы қолданылмаса, сот отырысына келген ішкі істер органы өкілінің, өзіне қатысты әкімшілік қадағалауды белгілеу туралы мәселе шешілетін сотталған адамның, процеске басқа да қатысушылардың түсініктемелері мен пікірлері, сондай-ақ соттың барлық әрекеттері, оның ішінде адамның қорғану және сот қаулысына шағым жасау құқығын түсіндіру туралы әрекеттері көрсетілуі тиіс.

Сот отырысының хаттамасымен танысу, оған ескертулер беру және сот отырысының аудио-, бейнежазбасына, сот отырысының қысқаша хаттамасына және қағаз жеткізгіште дайындалған сот отырысының хаттамасына ескертулерді қарау тәртібі ҚПК-нің 348, 348-1, 349-баптарында көзделген қағидалар бойынша жүзеге асырылады.

15. Сот әкімшілік қадағалаудың мерзімі ішінде ішкі істер органының уәжді ұсынуы немесе қадағалаудағы адамның өтінішхаты негізінде, қадағалаудағы адамның өмір салты мен мінез-құлқы туралы, оның әкімшілік шектеулерді сақтауы туралы мәліметтерді ескере отырып, әкімшілік шектеулердің күшін ішінара жоюы, оларды қысқартуы немесе қадағалаудағы адамға бұрын белгіленген әкімшілік шектеулерді толықтыруы мүмкін.

Бұл ретте сот істің нақты мән-жайларын ескере отырып, өз қарауы бойынша ішкі істер органының ұсынуында көрсетілмеген әкімшілік шектеулерді белгілеуге, сондай-ақ алып тастау туралы өтініш беруші өтінішхат бермеген әкімшілік шектеулердің күшін жою туралы шешім қабылдауға құқылы.

16. Әкімшілік қадағалаудағы адамдарға олардың құқықтарын және белгіленген шектеулерді сақтау жөніндегі міндеттерін түсіндіру, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға сот белгілеген әкімшілік қадағалаудан жалтарғаны үшін қылмыстық

жауаптылық туралы ескерту ішкі істер органдарына жүктеледі.

Әкімшілік қадағалауды ішкі істер органдары жүзеге асырады, олардың қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерінің толық тізбесі Заңның 12 және 13-баптарында белгіленген.

17. Әкімшілік қадағалау мынадай жағдайларда:

егер әкімшілік қадағалау уақтылы ұзартылмаса, оның белгіленген мерзімі өткен соң;

қадағалаудағы адам сотталғандығын өтеген немесе одан сотталғандығы алып тасталған жағдайда;

қадағалаудағы адамның мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелерге мәжбүрлеп емдеуге жіберілуіне байланысты;

қадағалаудағы адамның бас бостандығынан айыруға сотталуына байланысты;

қадағалаудағы адамның қайтыс болуына байланысты тоқтатылады.

Көрсетілген негіздер бойынша әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы мәселені шешу соттың құзыретіне кірмейтіндігін назарға алған жөн. Мұндай жағдайларда әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы шешімді қадағалаудағы адам есепте тұрған ішкі істер органы қабылдайды.

Егер Заңның 14-бабының а), в), г), д) және е) тармақшаларында көзделген мән-жайлар әкімшілік қадағалауды ұзарту туралы істі қарау барысында анықталса, сот іс жүргізуді тоқтатуға тиіс.

Қадағалаудағы адам бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаға сотталған жағдайда әкімшілік қадағалауды қолдану тоқтатылмайды.

18. Егер қадағалаудағы адамның әкімшілік шектеулерді адал сақтайтыны, оған сот жүктеген міндеттерді орындайтыны анықталса, еңбек қызметінің орны және (немесе) тұрғылықты не тұратын жері бойынша оған жақсы мінездеме берілсе, ішкі істер органы бастығының уәжді ұсынуы негізінде не қадағалаудағы адамның өтінішхаты бойынша әкімшілік қадағалау соттың қаулысымен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Өзіне қатысты әкімшілік қадағалау белгіленген адам сотқа өзіне қатысты белгіленген шектеулердің күшін толық немесе ішінара жою туралы өтінішхат мәлімдеуге құқылы.

19. Өзіне қатысты әкімшілік қадағалау мерзімінен бұрын не мерзімі өткен соң тоқтатылған адам, егер бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған кезден бастап сотталғандығын өтеу мерзімдері өтпесе не сотталғандығы алып тасталмаса, Заңның 2-бабының «в)» тармақшасына сәйкес қайтадан әкімшілік қадағалауға алынуы мүмкін.

Сотталғандығын өтеу мерзімі өткен не сотталғандығы алып тасталған кезде, оған қатысты әкімшілік қадағалауды белгілеу туралы ұсыну уақтылы енгізілгеніне қарамастан, соттың қаулы шығару сәтіне ол қанағаттандыруға жатпайды.

Әкімшілік қадағалау мерзімі ұзартылғаннан кейін белгіленген шектеулерді алғаш рет бұзған адам ӘҚБтК-нің 480-бабының бірінші бөлігі бойынша жауаптылыққа тартылуға жатады.

20. Әкімшілік қадағалау белгіленген адамның, оның қорғаушысының шағымы, сондай-ақ прокурордың өтінішхаты бойынша судьяның әкімшілік қадағалауды белгілеу туралы қаулысының күшін жоғары тұрған сот жоюы немесе өзгертуі мүмкін.

Сот әкімшілік қадағалау белгіленген адамға сот қаулысының көшірмесін қолхат ала отырып, бес тәуліктен кешіктірмей табыс етуге міндетті.

21. Қазақстан Республикасының әкімшілік қадағалау туралы заңнамасын бұзумен байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді және әкімшілік қадағалаудан жалтару туралы қылмыстық істерді қарау кезінде соттар басқа мән-жайлармен қатар әкімшілік қадағалауды белгілеу мен мерзімін ұзартудың заңдылығын тексеруі тиіс.

Сот белгілеген шектеулерді немесе әкімшілік қадағалау қағидаларын бұзуға жол берген, өзіне қатысты соттың әкімшілік қадағалауды белгілеу, ұзарту туралы заңды күшіне енген қаулысы бар адам ғана ҚК-нің 431-бабы және ӘҚБтК-нің 480-бабы бойынша жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Әкімшілік қадағалаудың белгіленген шектеулеріне және қағидаларына қатысты емес өзге бұзушылықтарды жасау адамды ӘҚБтК-нің 480-бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа тарту үшін негіз болып табылмайды.

Әкімшілік қадағалау туралы заңнаманы бұзумен байланысты ӘҚБтК-нің 480-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараған кезде сот істің басқа мән-жайларымен қатар қадағалаудағы адамның белгіленген шектеулерді сақтамауына әсер еткен сол немесе өзге бұзушылықтың себептері мен уәждері (қадағалаудағы адамның кенеттен қатты науқастануы, оның жақын туысының қайтыс болуы немесе ауруы және басқа да себептер) туралы дәлелдерін тексеруге міндетті.

Қазақстан Республикасының әкімшілік қадағалау туралы заңнамасын бұзу туралы іс қозғалған адам оның кінәсі ӘҚБтК-де көзделген тәртіппен дәлелденге және соттың заңды күшіне енген қаулысымен белгіленге дейін кінәсіз деп есептеледі.

22. Қадағалаудағы адамның бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаннан кейін таңдап алған тұрғылықты жеріне демалыс және мереке күндерін есептемегенде, бес тәулік ішінде бармағаны үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған қадағалаудағы адамның тұрғылықты жерін өз еркімен тастап кеткені үшін ҚК-нің 431-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық осы әрекеттер әкімшілік қадағалаудан жалтару мақсатында жасалған жағдайда ғана болады.

Егер қадағалаудағы адам ішкі істер органдарының бақылауынан шығу ниеті болмай, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаннан

кейін табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайға, көлік қатынасының уақытша болмауына, осы адамның ауыр науқасына және басқа да белгілі себептерге байланысты, таңдап алған тұрғылықты жеріне белгіленген мерзімде бара алмаса, іс-әрекет қылмыстық жазаланатын әрекет болып табылмайды.

Сонымен қатар қадағалаудағы адамның әкімшілік қадағалаудан жалтару мақсатынсыз тұрғылықты жерінен өз бетімен кетіп қалу әрекетінде ҚК-нің 431-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмайды және ол ӘҚБтК-нің 480-бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа ғана әкеп соғады.

Қадағалаудағы адамның әкімшілік қадағалаудан жалтару мақсаты ҚК-нің 431-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының субъективтік жағының міндетті белгісі ретінде іс бойынша тиісінше дәлелденуі тиіс. Қадағалаудағы адамның осындай мақсатының болуы туралы оның тұрғылықты жерінен өз бетімен белгілі бір себептерсіз ұзақ мерзімге кетіп қалуы, қадағалаушы органнан тұрғылықты жерінен тыс өзінің болған жерін қасақана жасыруы, өңір мен елдің шегінен шығуы және т.б. куәландыруы мүмкін.

23. Соттар бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамға белгіленген әкімшілік қадағалаудан жалтарғаны үшін жазаны тағайындаған кезде сотталушыда жұмысының бар-жоғын, оның денсаулығының жағдайын, отбасы жағдайын, оның жеке басын сипаттайтын және оған бас бостандығынан айырудан басқа қылмыстық заңның санкциясында көзделген қылмыстық жазаның өзге шараларын қолдануға мүмкіндік беретін басқа да мән-жайларды ескеруі керек.

24. «Әкімшілік қадағалау жөніндегі заңнаманы қолданудың сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 20 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысының күші жойылды деп танылсын.

25. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы**

Ж. Асанов

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы**

Г. Әлмағамбетова

НОРМАТИВНОЕ ПОСТАНОВЛЕНИЕ № 1 ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

31 мая 2019 года

город Нур-Султан

О судебной практике применения законодательства об административном надзоре

В связи с возникшими у судов вопросами при рассмотрении дел о применении законодательства Республики Казахстан об административном надзоре, в целях обеспечения единообразия судебной практики по указанным делам пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан постановляет дать следующие разъяснения.

1. Законодательство об административном надзоре основывается на Конституции Республики Казахстан и состоит из Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее - УК), Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее - УПК), Уголовно-исполнительного кодекса Республики Казахстан (далее - УИК), Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях (далее - КоАП), Закона Республики Казахстан от 15 июля 1996 года № 28-І «Об административном надзоре за лицами, освобожденными из мест лишения свободы» (далее - Закон) и других нормативных правовых актов Республики Казахстан.

2. Административный надзор представляет собой меру, направленную на предотвращение повторного совершения преступлений лицами, освобожденными из мест лишения свободы, имеющими судимость за определенные виды преступлений, предусмотренные Законом, посредством установления судом временных ограничений их прав и свобод, возложения на них обязанностей (далее – административное ограничение) и осуществления органами внутренних дел наблюдения за соблюдением указанными лицами (поднадзорными) административных ограничений. Административный надзор не является наказанием за совершение уголовного правонарушения.

3. При решении вопроса об установлении административного надзора судам необходимо проверять, является ли лицо субъектом, в отношении которого в соответствии с Законом может быть установлен административный надзор.

Судам следует иметь в виду, что действие Закона распространяется только на лиц, отбывавших наказание в виде лишения свободы, при этом административный надзор может быть применен к иностранным гражданам или лицам без гражданства при условии их проживания (пребывания) на территории Республики Казахстан на законных основаниях.

Решая вопрос о том, относятся ли к террористическим или

к экстремистским преступлениям либо к преступлениям против половой неприкосновенности несовершеннолетних деяния, за совершение которых лицо отбывало наказание, суды должны руководствоваться пунктами 30), 39) и 42) статьи 3 УК (подпункт а) статьи 2 Закона).

При установлении административного надзора в отношении лиц, отбывших наказание за совершение тяжких и (или) особо тяжких преступлений или судимых два и более раза к лишению свободы за умышленные преступления, следует иметь в виду, что за названными лицами административный надзор устанавливается только в случае признания их имеющими на момент окончания срока наказания третью отрицательную степень поведения (подпункт б) статьи 2 Закона).

4. Административный надзор за лицами, отбывшими наказание за тяжкие и (или) особо тяжкие преступления или судимыми два и более раза к лишению свободы за умышленные преступления, в соответствии с подпунктом в) статьи 2 Закона может быть установлен при совокупности следующих обстоятельств:

лицо отбыло наказание за преступления, относящиеся на момент установления надзора к тяжким и (или) особо тяжким преступлениям, или осуждалось два и более раза к лишению свободы за умышленные преступления;

в отношении него после отбывания наказания выносились предупреждения органами внутренних дел;

лицо систематически нарушает общественный порядок, права и законные интересы человека и гражданина, совершает иные правонарушения.

Предупреждение лица, отбывшего наказание за тяжкие и (или) особо тяжкие преступления или судимого два и более раза к лишению свободы за умышленные преступления, состоит в официальном предостережении его органом внутренних дел о недопустимости противоправного поведения, нарушения общественного порядка, прав и законных интересов человека и гражданина, совершения иных правонарушений. Предупреждение выносится в письменной форме.

Систематическим нарушением общественного порядка, прав и законных интересов человека и гражданина является совершение лицом после отбывания наказания двух и более административных правонарушений, посягающих на права личности, права несовершеннолетних, общественную безопасность и здоровье населения, а также на общественный порядок и нравственность (подпункт в) статьи 2 Закона, главы 10, 12, 24, 25 КоАП), в течение одного года, исчисляемого с момента совершения первого административного правонарушения.

Под совершением иных правонарушений следует понимать осуждение указанных лиц за уголовное правонарушение, за которое им назначена мера наказания, не связанная с лишением свободы и без установления

контроля за их поведением, либо в отношении них производство по делу прекращено по нереабилитирующим основаниям.

5. Установленный статьей 2 Закона перечень лиц, за которыми может быть установлен административный надзор, является исчерпывающим и расширительному толкованию не подлежит.

В этой связи административный надзор не может быть установлен за лицами, имеющими судимость за уголовные правонарушения:

декриминализованные и не влекущие судимости в связи с изменением уголовного закона;

относящиеся к категории тяжких или особо тяжких преступлений, за совершение которых они не отбывали наказание в местах лишения свободы.

Лица, судимые два раза к лишению свободы за умышленные преступления и не отбывавшие наказание в местах лишения свободы, а также имеющие снятые или погашенные в установленном уголовным законом порядке судимости, не могут подвергаться административному надзору.

В соответствии с требованиями статьи 6 УК об обратной силе уголовного закона, смягчающего наказуемость деяния, административный надзор не может быть также установлен в отношении лица, судимого и отбывшего наказание за тяжкое преступление, которое в последующем в связи с изменением уголовного закона отнесено к преступлению меньшей тяжести.

Если административный надзор был установлен, но деяние, за которое лицо отбывало наказание, впоследствии декриминализовано, то суд по ходатайству самого поднадзорного или его защитника, либо по представлению органов внутренних дел или прокурора отменяет постановление об установлении административного надзора, о чем выносит постановление.

6. В отношении лиц, освобожденных из мест лишения свободы условно-досрочно, а также в отношении лиц, которым неотбытая часть наказания заменена более мягким видом наказания с установлением пробационного контроля, установление административного надзора недопустимо.

В случае систематического нарушения этими лицами общественного порядка, прав и законных интересов человека и гражданина, совершения иных правонарушений после истечения срока неотбытой части наказания и до погашения либо снятия судимости в соответствии со статьей 79 УК в отношении таких лиц может быть установлен административный надзор.

7. Административный надзор устанавливается только судом путем вынесения постановления, в котором суд должен указать предусмотренные статьей 3 Закона конкретные основания, по которым лицо подлежит административному надзору.

В соответствии со статьями 3, 4, 5 Закона в суд с представлением об установлении административного надзора вправе обратиться начальник органа внутренних дел; о продлении административного надзора и о дополнении ранее установленных административных ограничений - орган внутренних дел; о досрочном прекращении или частичной отмене, сокращении административных ограничений - орган внутренних дел и (или) поднадзорный, его защитник – с ходатайством.

Прокурор вправе обратиться в суд с представлением о досрочном прекращении административного надзора или о частичном сокращении административных ограничений для защиты прав и свобод поднадзорного при условии, что поднадзорный по состоянию здоровья, возраста либо по другим уважительным причинам не может сам обратиться в суд.

Начальник учреждения уголовно-исполнительной системы обязан мотивировать представление об установлении административного надзора в отношении осужденного, подлежащего освобождению из данного учреждения, и приложить к нему копии приговора, постановлений апелляционной, кассационной инстанций в отношении осужденного, другие материалы, имеющие значение для принятия законного решения и свидетельствующие о необходимости установления административного надзора, в том числе подробные данные, характеризующие поведение осужденного во время отбывания наказания, а также постановление об определении третьей отрицательной степени поведения осужденного.

Представление начальника органа внутренних дел об установлении, продлении административного надзора в отношении осужденного, освобожденного из мест лишения свободы, наряду с данными о совершении тяжких и (или) особо тяжких преступлений или судимости два и более раза к лишению свободы за умышленные преступления, должно содержать сведения о его поведении (в частности, приобщается характеристика лица), о систематическом нарушении им общественного порядка, прав и законных интересов человека и гражданина, совершении иных правонарушений. К представлению прилагаются копии судебных актов, документы и материалы, свидетельствующие о систематическом нарушении осужденным, освобожденным из мест лишения свободы, общественного порядка, прав и законных интересов человека и гражданина, совершении иных правонарушений.

В случае неполноты собранного материала, недостаточной мотивировки в представлении доводов об установлении, продлении административного надзора, а также по иным основаниям, препятствующим рассмотрению представления об установлении, продлении административного надзора, суд постановлением возвращает представление об установлении, продлении административного надзора для устранения недостатков.

Если поднадзорный ходатайствует о досрочном прекращении

административного надзора либо о частичной отмене установленных административных ограничений, однако представленных документов и материалов недостаточно для принятия законного и обоснованного решения, суд вправе истребовать необходимые доказательства по своей инициативе, не возвращая ходатайство.

8. Суд по месту исполнения наказания на основании мотивированного представления начальника учреждения уголовно-исполнительной системы об установлении административного надзора за лицом, освобождаемым из мест лишения свободы, выносит постановление лишь об установлении административного надзора без указания ограничений прав и свобод осужденного и без возложения на него обязанностей. Конкретные ограничения и обязанности в отношении поднадзорного устанавливаются судом по представлению органа внутренних дел по месту жительства при прибытии его после отбытия наказания.

9. Судам следует иметь в виду, что административный надзор, являясь принудительной мерой, устанавливается на определенный срок, предусмотренный Законом. В соответствии со статьей 6 Закона административный надзор устанавливается на срок от шести месяцев до трех лет. Поскольку исчисление срока в Законе определено периодом времени, то установление конкретного срока в пределах статьи 6 Закона должно быть мотивировано в постановлении суда (указывается конкретный период в днях, месяцах, годах либо срок до момента погашения судимости).

Срок действия административного надзора следует исчислять со дня вступления в законную силу постановления суда, а в случае установления административного надзора судом по местонахождению учреждения уголовно-исполнительной системы – с момента освобождения из учреждения уголовно-исполнительной системы.

При обсуждении вопроса об установлении срока административного надзора суду надлежит учитывать характеристику осужденного по месту отбывания наказания, поведение в быту, а также характер и степень общественной опасности совершенного преступления (преступлений) и иные значимые для дела обстоятельства, что должно быть отражено в мотивировочной части постановления суда. При этом суд не связан основаниями и доводами, изложенными в представлении учреждения уголовно-исполнительной системы или органа внутренних дел, и вправе по своему усмотрению определить срок в пределах, указанных в статье 6 Закона.

10. Срок действия административного надзора продлевается в случаях нарушения поднадзорным правил административного надзора или объявленных ему ограничений, а равно совершения им правонарушений каждый раз на срок шесть месяцев, но в совокупности на срок не свыше

двух лет. В отношении лиц, совершивших уголовные правонарушения против половой неприкосновенности несовершеннолетних, срок действия административного надзора продлевается каждый раз на один год.

При этом продление срока действия административного надзора лицам, отбывшим наказание за тяжкие и (или) особо тяжкие преступления или судимым два и более раза к лишению свободы за умышленные преступления (подпункт в) статьи 2 Закона), возможно лишь в пределах срока погашения судимости.

К представлению органов внутренних дел о продлении срока административного надзора следует приобщить материалы, свидетельствующие о наличии оснований для их продления.

Перечень оснований для продления срока действия административного надзора является исчерпывающим и не подлежит расширительному толкованию.

Под правонарушением, являющимся необходимым условием продления административного надзора, следует понимать совершение поднадзорным хотя бы один раз административного правонарушения, посягающего на права личности, права несовершеннолетних, общественную безопасность и здоровье населения, а также на общественный порядок и нравственность (главы 10, 12, 24, 25 КоАП), либо осуждение указанного лица за уголовное правонарушение, за которое ему назначена мера наказания, не связанная с лишением свободы и без установления контроля за его поведением, либо в отношении него производство по делу прекращено по нереабилитирующим основаниям.

Срок административного надзора может быть продлен не позднее последнего дня срока его действия.

При наступлении условий прекращения административного надзора сотрудники органов внутренних дел, осуществляющие административный надзор, обязаны немедленно вынести постановление о прекращении административного надзора, которое утверждается начальником органа внутренних дел. Невынесение или несвоевременное вынесение постановления о прекращении административного надзора не влечет его продление.

Нарушение законодательства Республики Казахстан об административном надзоре, уклонение от административного надзора после истечения его срока, при отсутствии постановления о прекращении административного надзора, не является основанием для привлечения лица к административной ответственности по статье 480 КоАП и к уголовной ответственности по статье 431 УК.

11. Судом при рассмотрении материалов об установлении, продлении срока административного надзора должно быть обеспечено право на защиту лица, в отношении которого решаются указанные вопросы, при этом участие защитника обязательно в случаях,

предусмотренных частью первой статьи 67 УПК.

Осужденному также должно быть разъяснено его право и порядок обжалования постановления суда об установлении административного надзора, продлении срока действия административного надзора.

Суд при назначении судебного заседания извещает орган или учреждение, начальник которого внес представление об установлении, продлении срока административного надзора, а также прокурора, защитника о месте и времени рассмотрения дела об установлении, продлении административного надзора.

12. Подготовительная часть судебного заседания по делам об установлении, продлении срока административного надзора проводится в соответствии с главой 43 УПК.

После проведения подготовительной части судебного заседания представитель органа внутренних дел излагает содержание представления и приложенных к нему материалов, затем суд исследует поступившие материалы и заслушивает объяснения и мнения явившихся в судебное заседание лиц.

Осужденный вправе до начала судебного заседания знакомиться с представленными в суд материалами и снимать с них копии, а в судебном заседании вправе участвовать в исследовании всех материалов, выступать в суде, заявлять ходатайства, представлять доказательства, высказывать свое мнение по рассматриваемому вопросу.

По результатам рассмотрения суд выносит мотивированное постановление.

13. Определенный статьей 7 Закона перечень ограничений, применяемых к лицам, в отношении которых устанавливается административный надзор, расширительному толкованию не подлежит.

Исходя из положений данной нормы Закона в постановлении суда об установлении, продлении срока административного надзора или о дополнении ранее установленных административных ограничений должны быть определены одно или несколько административных ограничений.

Суд вправе установить иные, не указанные в представлении органа внутренних дел административные ограничения, но в пределах перечня, предусмотренного статьей 7 Закона.

Выбор конкретных административных ограничений не может носить произвольный характер, их применение должно быть направлено на обеспечение индивидуального профилактического воздействия. В частности, судам следует учитывать характер и степень общественной опасности совершенного поднадзорным преступления (преступлений), его поведение за весь период отбывания наказания и поведение после освобождения из мест лишения свободы, семейное положение указанного лица, место и график его работы и (или) учебы, состояние здоровья, а также

иные заслуживающие внимания обстоятельства. Если лицо осуждалось за совершение преступления в состоянии алкогольного опьянения или в период отбывания наказания подвергалось взысканиям за употребление алкогольных напитков в учреждении уголовно-исполнительной системы, целесообразно рассмотреть вопрос о применении административных ограничений, запрещающих его пребывание в местах общественного питания, где осуществляется продажа или распитие спиртных напитков.

При установлении ограничений суды должны учитывать, что запрет покидать жилище может быть установлен поднадзорному только в пределах ночного времени, определяемого процессуальным законодательством в промежутке с 22 часов до 6 часов по местному времени, за исключением случаев исполнения трудовых обязанностей.

Орган, исполняющий постановление, не должен выходить за пределы ограничений, установленных судом, и не должен допускать иные ограничения прав граждан (трудовых, избирательных, общественных и других).

Поднадзорный при временном выезде в другой населенный пункт обязан получить письменное разрешение органа внутренних дел, осуществляющего надзор.

14. При рассмотрении представлений об установлении, продлении срока административного надзора, прекращении административного надзора и ходатайства о прекращении административного надзора ведется протокол судебного заседания. Согласно статье 347 УПК протокол изготавливается компьютерным, электронным (включая аудио-, видеофиксацию), машинописным либо рукописным способом.

Фиксирование хода судебного заседания осуществляется с помощью средств аудио-, видеозаписи в соответствии со статьей 347-1 УПК.

По ходатайству лиц, участвующих в деле, судом предоставляется копия аудио-, видеозаписи или протокол судебного заседания.

В протоколе, изготовленном на бумажном носителе, если не была применена аудио-видеозапись судебного разбирательства, помимо сведений, указанных в части третьей статьи 347 УПК, должны быть отражены объяснения и мнения явившихся в судебное заседание представителя органа внутренних дел, осужденного, в отношении которого решается вопрос об установлении административного надзора, других участников процесса, а также все действия суда, в том числе разъяснение права лица на защиту и обжалование судебного постановления.

Порядок ознакомления с протоколом судебного заседания, подачи на него замечаний и рассмотрения замечаний на аудио-, видеозапись, краткий протокол судебного заседания и протокол судебного заседания, изготовленного на бумажном носителе, осуществляется по правилам, предусмотренным статьями 348, 348-1, 349 УПК.

15. Суд в течение срока административного надзора на основании

мотивированного представления органа внутренних дел или ходатайства поднадзорного, с учетом сведений об образе жизни и поведении поднадзорного, о соблюдении им административных ограничений может частично отменить, сократить административные ограничения или дополнить ранее установленные поднадзорному административные ограничения.

При этом суд с учетом конкретных обстоятельств дела по своему усмотрению вправе установить административные ограничения, не указанные в представлении органа внутренних дел, а также принять решение об отмене административных ограничений, о снятии которых заявитель не ходатайствует.

16. Разъяснение лицам, находящимся под административным надзором, их прав и обязанностей по соблюдению установленных ограничений, а также предупреждение об уголовной ответственности за уклонение от административного надзора, установленного судом за лицами, освобожденными из мест лишения свободы, возлагается на органы внутренних дел.

Административный надзор осуществляется органами внутренних дел, исчерпывающий перечень прав и обязанностей сотрудников которых установлен статьями 12 и 13 Закона.

17. Административный надзор прекращается в следующих случаях:
по истечении срока, на который установлен административный надзор, если он своевременно не продлен;
в случае погашения или снятия судимости с поднадзорного;
в связи с направлением поднадзорного на принудительное лечение в специализированные лечебно-профилактические учреждения;
в связи с осуждением поднадзорного к лишению свободы;
в связи со смертью поднадзорного.

Необходимо иметь в виду, что решение вопроса о прекращении административного надзора по указанным основаниям не отнесено к компетенции суда. В таких случаях решение о прекращении административного надзора принимается органом внутренних дел, на учете которого состоит поднадзорный.

Если обстоятельства, предусмотренные подпунктами а), в), г), д) и е) статьи 14 Закона, будут установлены в ходе рассмотрения дела о продлении административного надзора, суду надлежит прекратить производство.

В случае осуждения поднадзорного к наказанию, не связанному с лишением свободы, действие административного надзора не прекращается.

18. Постановлением суда административный надзор может быть досрочно прекращен на основании мотивированного представления начальника органа внутренних дел либо по ходатайству поднадзорного, если будет установлено, что поднадзорный добросовестно соблюдает административные ограничения, выполняет обязанности, возложенные

на него судом, положительно характеризуется по месту трудовой деятельности и (или) месту жительства либо пребывания.

Лицо, в отношении которого установлен административный надзор, вправе заявлять суду ходатайство об отмене полностью или частично установленных в отношении него ограничений.

19. Лицо, в отношении которого административный надзор прекращен досрочно либо по истечении срока, может быть повторно взято под административный надзор в соответствии с подпунктом в) статьи 2 Закона, если с момента освобождения его из мест лишения свободы не истекли сроки погашения судимости либо не снята судимость.

При истечении срока погашения судимости либо снятия судимости к моменту вынесения судом постановления, представление об установлении в отношении него административного надзора, хотя и было внесено в срок, удовлетворению не подлежит.

Лицо, первый раз после продления срока административного надзора совершившее нарушение установленных ограничений, подлежит привлечению к ответственности по части первой статьи 480 КоАП.

20. Постановление судьи об установлении административного надзора может быть отменено или изменено вышестоящим судом по жалобе лица, в отношении которого установлен административный надзор, его защитника, а также по ходатайству прокурора.

Суд обязан не позднее пяти суток под расписку вручить лицу, в отношении которого установлен административный надзор, копию постановления суда.

21. При рассмотрении дел об административных правонарушениях, связанных с нарушением законодательства Республики Казахстан об административном надзоре, и уголовных дел об уклонении от административного надзора, судам, наряду с другими обстоятельствами, следует проверять законность установления и продления срока административного надзора.

К ответственности по статье 431 УК и статье 480 КоАП может быть привлечено лишь то лицо, в отношении которого имеется вступившее в законную силу постановление суда об установлении, продлении административного надзора, допустившее нарушение установленных судом ограничений или правил административного надзора.

Совершение иных нарушений, не относящихся к установленным ограничениям и правилам административного надзора, не является основанием для привлечения лица к административной ответственности по статье 480 КоАП.

При рассмотрении дела об административном правонарушении, связанного с нарушением законодательства об административном надзоре по статье 480 КоАП, суд обязан проверить, наряду с другими

обстоятельствами дела, доводы поднадзорного о причинах и мотивах того или иного нарушения (внезапное тяжкое заболевание поднадзорного, смерть или болезнь его близкого родственника и другие причины), не позволивших соблюсти установленные ограничения.

Лицо, в отношении которого возбуждено дело о нарушении законодательства Республики Казахстан об административном надзоре, считается невиновным до тех пор, пока его виновность не будет доказана в предусмотренном КоАП порядке и установлена вступившим в законную силу постановлением судьи.

22. Уголовная ответственность по статье 431 УК за неприбытие поднадзорного в течение пяти суток без учета выходных и праздничных дней к избранному месту жительства после освобождения из мест лишения свободы, а также за самовольное оставление поднадзорным, освобожденным из мест лишения свободы, места жительства наступает только в том случае, когда эти деяния совершены в целях уклонения от административного надзора.

Деяние не является уголовно наказуемым, если поднадзорный, не имея умысла избежать контроля со стороны органов внутренних дел, не мог прибыть в установленный срок к избранному месту жительства после освобождения из мест лишения свободы ввиду чрезвычайной ситуации природного или техногенного характера, временного отсутствия транспортного сообщения, тяжелой болезни этого лица и по другим уважительным причинам.

Также не образует состава уголовного правонарушения, предусмотренного статьей 431 УК, и влечет лишь административную ответственность по статье 480 КоАП деяние, выразившееся в самовольном оставлении поднадзорным лицом места жительства без цели уклонения от административного надзора.

Цель уклонения поднадзорным от административного надзора как обязательный признак субъективной стороны состава уголовного правонарушения, предусмотренного статьей 431 УК, должна быть надлежащим образом доказана по делу. О наличии у поднадзорного лица такой цели могут свидетельствовать самовольное оставление им места жительства на длительное время без уважительных причин, умышленное сокрытие от надзирающего органа места своего нахождения вне места проживания, выезд за пределы региона и страны и тому подобное.

23. Судам при назначении наказания за уклонение от административного надзора, установленного за лицом, освобожденным из мест лишения свободы, следует учитывать наличие у подсудимого работы, состояние его здоровья, семейное положение, другие обстоятельства, характеризующие его личность и позволяющие применить к нему иные, помимо лишения свободы, меры уголовного наказания, предусмотренные

санкцией уголовного закона.

24. Признать утратившим силу нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 20 июня 2005 года № 3 «О судебной практике применения законодательства об административном надзоре».

25. Согласно статье 4 Конституции Республики Казахстан настоящее нормативное постановление включается в состав действующего права, является общеобязательным и вводится в действие со дня первого официального опубликования.

**Председатель Верховного Суда
Республики Казахстан**

Ж. Асанов

**Судья Верховного Суда
Республики Казахстан,
секретарь пленарного заседания**

Г. Альмагамбетова



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ № 2 НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 31 мамыр

Нұр-Сұлтан қаласы

Азаматты хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы

Азаматты хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау жөніндегі істерді қарау кезінде соттардың заңнаманы біркелкі қолдануын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы мынадай түсіндірмелер беруге қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 28, 31-баптарына және Қазақстан Республикасы Азаматтық процесілік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 317-бабының екінші бөлігіне сәйкес азаматты хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау туралы іс оның отбасы мүшелерінің, прокурордың, қоғамдық бірлестіктердің, қорғаншылық және қамқоршылық органы мен басқа да мүдделі тұлғалардың арызы бойынша басталуы мүмкін.

Осы санаттағы істер бойынша арыз берушілер отбасы мүшелері (жұбайы (зайыбы), ата-аналары, балалары және басқа да адамдар) болып табылады. Арыз беруші-жеке тұлғалардың субъектілік құрамы отбасылық және туыстық қатынастағы адамдармен шектелмейтінін соттар ескеруі тиіс.

Жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар мүдделі болып танылады, себебі олар АПК-нің 8-бабының екінші бөлігіне сәйкес заңда көзделген жағдайларда басқа тұлғалардың немесе тұлғалардың белгісіз бір тобының бұзылған немесе даулы құқықтары мен бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау туралы арыз беріп, сотқа жүгінуге құқылы және олар үшін адамды хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау жеке және мүліктік құқықтардың туындауына, оларды тоқтатуға немесе өзгертуге әкеп соғады.

2. Азаматты хабарсыз кетті деп тану немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы арыз АПК-нің 148-бабының талаптарын нысаны мен мазмұны бойынша сақтаумен қатар АПК-нің 318-бабының нормаларына сәйкес келуі тиіс екендігін соттардың ескергендері жөн.

Арызда адамды хабарсыз кетті деп тану немесе оны қайтыс болды деп жариялау арыз берушіге қандай мақсатта қажет болғаны, сонымен қатар адамның хабарсыз кеткенін растайтын мән-жайлар немесе хабарсыз кеткен адамға өлім қатері төнген немесе оның жазатайым оқиғадан қаза тапты деп жорамалдауға негіз болатын мән-жайлар көрсетілуі тиіс. Әскери іс-қимылдарға байланысты хабарсыз кеткен әскери қызметшілерге немесе өзге де азаматтарға қатысты арызда әскери

кимылдардың аяқталған күні көрсетіледі.

Арыз беруші осы талаптарды орындамаған жағдайда, АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес арыздың кемшіліктері түсіндіріліп, АПК-ге сәйкес келтіру үшін қайтарылуы тиіс.

Осы санаттағы істер жалпы юрисдикциядағы соттарға соттылығы бойынша жатады және ерекше іс жүргізу тәртібімен қаралады. Арыз арыз берушінің тұрғылықты жері бойынша немесе хабарсыз кеткен азаматтың соңғы белгілі тұрғылықты жері бойынша берілуі мүмкін.

3. АПК-нің 319-бабының бірінші бөлігіне сәйкес судья хабарсыз кеткен адам туралы мәліметтер бере алатын адамдар тобын және істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты мән-жайларды анықтауға міндетті.

Арыз беруші берген ақпараттың көлеміне қарай, істің нақты мән-жайларын негізге ала отырып, судья тиісті ұйымдардан хабарсыз кеткен адамның соңғы белгілі болған тұрғылықты жері мен жұмыс орны, туған жері, хабарсыз кеткен адамның ата-анасы мен жақын туыстарының тұрғылықты жері бойынша мәліметтер сұратады.

Соттар ішкі істер органдарынан азаматты хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау туралы адамдарға қатысты олардың тіркелуі, оларға қатысты іздестіру істерінің болуы туралы мәліметтерді талап еткені; уәкілетті органнан зейнетақы мен жәрдемақы алғаны туралы, дербес зейнетақы шоттарындағы ақша қаражаттарының болуы және қозғалысы туралы мәліметтерді сұратқаны; әділет органдарынан тегін, атын, әкесінің атын өзгерткені туралы; құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органнан осы адамдардың сотталғандардың, қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартылғандардың, іздестіру жарияланғандардың қатарында болуы туралы; денсаулық сақтау органдарынан емделуден өткендігі туралы; ұлттық тасымалды жүзеге асыратын ұйымдардан жолақы билеттерін сатып алғаны туралы мәліметтерді; сотқа арыз берілген жылдың алдында бір жыл бұрын хабарсыз кеткен адамның мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініш бергені туралы, сонымен қатар жоғалған адам туралы өзге де ақпараты, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс шығуы, азаматтықты ауыстыруы, қайтыс болуы, оған қатысты атқарушылық іс жүргізудің болуы туралы мәліметтері бар өзге де уәкілетті органдардан мәліметтерді сұратқаны жөн.

Соттардың Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқық қорғау, арнайы мемлекеттік органдар және өзге де органдар ақпараттық алмасу жүйесіне (ҚАОАОЖ) «Төрелік» автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі (ААТЖ) арқылы сұрау салуды жүзеге асырғандары жөн.

4. Судья істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарымда істі қозғау туралы жарияланымды жүзеге асыру жөніндегі АПК-нің

319-бабы екінші бөлігінің ережелерін ескере отырып:

арыз берушінің істі қозғау туралы жарияланымды бұқаралық ақпарат құралдарында (аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі, Интернет желісінде, телевизияда) жариялауды өз есебінен жүргізетінін көрсетуге;

жарияланым орналастырылуы тиіс бұқаралық ақпарат құралдарын көрсетіп, жарияланым жүзеге асырылатын мерзімді анықтауға міндетті.

Соттар жарияланымға қойылатын мынадай процестік заңнама талаптарын бұлжытпай орындау қажеттігін ескергендері жөн:

жарияланым мазмұны АПК-нің 319-бабы екінші бөлігі 1), 2), 3) және 4) тармақшаларының ережелеріне сәйкес келуі тиіс;

жарияланым құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын белгілеген тәртіппен алған мерзімді баспа басылымдарында, уәкілетті органда есепке қою рәсімінен өткен интернет ресурстарда, Қазақстан Республикасының барлық аумағында және арыз берушінің болатын жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тиісінше таратылатын немесе шығарылуын жүзеге асыратын (эфирге шығу) телеарналарда қазақ тілінде, сонымен қатар орыс тілінде орналастырылуы тиіс.

Істі сот талқылауына дайындау туралы судьяның ұйғарымын орындау тәртібімен арыз беруші жарияланымды сот белгілеген мерзімде орналастыруға және жарияланымның жүзеге асырылғаны туралы дәлелді сотқа ол орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

Сот көрсеткен қандай да бір бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымды растайтын дәлелдемелер болмаған жағдайда, арыз АПК-нің 279-бабының 12) тармақшасына сәйкес қараусыз қалдырылуға жатады.

Егер істі сот талқылауына дайындау барысында арыз беруші мүлікті қорғау және басқару үшін қамқоршыны тағайындау туралы өтінішхатпен жүгінсе, судья АПК-нің 155, 156-баптарының қағидалары бойынша тиісті ұйғарым шығарады.

5. Соттар азаматты хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау туралы істі шешу барысында азаматтық іс жүргізу тәртібімен (құқық туралы даулар, заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы арыздар және т.б.) қаралуы тиіс өзге де талаптарды біріктіріп қарауға құқылы емес.

6. Азаматтың тұрғылықты жерінде ол туралы мәліметтердің бір жыл бойы болмауы оны хабарсыз кетті деп танудың қажетті шарты болып табылады.

Азаматтың жоқ болу мерзімін оның елді мекеннен кету күнінен емес, ол туралы соңғы мәліметтер алған кезден бастап есептеген жөн.

Соңғы мәліметтер алынған күн жоқ азаматтың жазбаша хабарламасы, телефонограммасы, электрондық хабарламасы ұсынылып немесе басқа тәсілмен өзге көзден не куәлардың айғақтарымен расталуы мүмкін.

Соңғы мәліметтер алынған күнді анықтау мүмкін болмаған жағдайда, жоқ адам туралы соңғы деректер алынған айдан кейінгі айдың бірінші күні, ал бұл айды анықтау мүмкін болмаған жағдайда келесі жылғы бірінші қаңтар хабар-ошарсыз кетудің басталған күні деп есептеледі. (АК-нің 28-бабының 2-тармағы).

7. Қайтыс болған адамдардың отбасыларына қатысты «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы № 126 Заңының нормалары тиісінше хабарсыз кеткен немесе қайтыс болды деп жарияланған адамдардың да отбасыларына қолданылады (Заңның 13-бабының 6-тармағы).

АК-нің 170-бабына сәйкес хабарсыз кеткен адамның атына берілген, сонымен қатар оның өзі берген сенімхаттың қолданысы тоқтатылады.

Хабарсыз кетті деп танылған азаматтың жұбайының азаматтық хал актілерін тіркеу органы арқылы оңайлатылған тәртіппен некені бұзуға құқығы бар («Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 17-бабы 2-тармағының 1) тармақшасы).

8. Азаматтың белгілі бір уақытта және белгілі бір жағдайларда қайтыс болғаны туралы деректер болған кезде, соттар азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы емес, қайтыс болу фактісін анықтау туралы мәселені шешуі тиіс.

Қайтыс болу фактісін анықтау адамның соңғы болған жері туралы қандай да бір мәліметтердің жоқтығы белгілі бір уақыт кезеңін күтуді талап етпейді.

9. Азаматты қайтыс болды деп жариялау үшін оны хабарсыз кетті деп алдын ала тану талап етілмейді, сондықтан азаматты хабарсыз кетті деп тану туралы арызды қарау барысында сот АК-нің 31-бабының 1-тармағында көзделген шарттар болған кезде оны арыз берушінің келісімімен қайтыс болды деп жариялауға құқылы.

Азаматты қайтыс болды деп жариялау шарттары мыналар:

оның тұрғылықты жерінде ол туралы үш жыл бойы, ал егер өлім қатері төнген немесе жазатайым оқиғадан қаза тапты деп жорамалдауға негіз болатын жағдайларда алты ай бойы деректердің болмауы;

көрсетілген мерзім ішінде азаматтың тұрған жері туралы мәліметтерді алмау және қабылданған шараларға қарамастан оның тірі екендігін анықтау мүмкіндігінің жоқтығы болып табылады.

Заң соғыс қимылдарына байланысты хабарсыз кеткен азаматты қайтыс болды деп жариялау жағдайларын айқындайды: ол соғыс қимылдары аяқталған күннен бастап кемінде екі жыл өткеннен кейін қайтыс болды деп жариялануы мүмкін (АК-нің 31-бабының 2-тармағы).

АК-нің 31-бабының 3-тармағына сәйкес қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген күн қайтыс болды деп

жарияланған адамның қайтыс болған күні болып есептеледі. Өлім қатері төнген немесе жазатайым оқиғадан қаза тапты деп жорамалдауға негіз болатын жағдайларда хабарсыз кеткен адамды қайтыс болды деп жариялаған кезде сот бұл адамның шамамен қаза тапқан күнін оның қайтыс болған күні деп тануы мүмкін.

10. Хабарсыз кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған адам келген немесе оның тұратын жері анықталған жағдайда, сот мүдделі адамның, хабарсыз кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған адамның немесе прокурордың арызы бойынша жаңа шешіммен алдыңғы шығарған шешімінің күшін жояды. Жаңа істі қозғау талап етілмейді. Арыз сотқа түскен күнінен бастап бір айлық мерзімде сот отырысында қаралады.

Мұндай шешім мүліктен қорғаншылық алу және азаматтардың хал актілерін тіркеу кітабындағы оның қайтыс болғаны туралы жазбаны жою үшін негіз болып табылады.

Қайтыс болды деп жарияланған адамның тірі оралуынан туындайтын жағдайлар АҚ-нің 32-бабында көзделген.

11. Қылмыстық құқық бұзушылық жасауына, оған жүктелген заңдық міндеттерді орындаудан жалтаруына байланысты қасақана жасырынып жүрген немесе іздестірудегі адам хабарсыз кетті деп немесе қайтыс болды деп танылуы мүмкін емес. Осыған байланысты соттар осы адамның іздестіруде болуын, Қазақстан Республикасынан тыс шыққанын және оның жоқ болуының басқа да мән-жайларын анықтауы, бұл ретте арыз берушілердің теріс пиғылды әрекеттерінің, оның ішінде жеңілдіктер мен өзге де материалдық игіліктер алуға бағытталған әрекеттерінің жолын кесуі тиіс.

12. Шешімнің қарар бөлігінде хабарсыз кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған адамның тегінен, атынан және әкесінің атынан басқа оның туған күні мен жерін, жеке сәйкестендіру нөмірін көрсету қажет.

Соттың шешімінде адамның хабарсыз кеткендігі басталатыны туралы деректер, яғни азамат хабарсыз кетті деп есептелетін күн көрсетілуі тиіс.

Азаматты хабарсыз кетті деп тану туралы шешім заңды күшіне енгеннен бастап сот актісінің көшірмесі хабарсыз кеткен адамның мүлкі орналасқан жері бойынша оның мүлкіне қорғаншылық тағайындау үшін қорғаншылық және қамқоршылық органына жіберіледі.

13. Мыналардың:

1) «Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану немесе азаматты өлді деп жариялау туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1968 жылғы 25 қыркүйектегі № 9 нормативтік қаулысының;

2) «Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану немесе азаматты өлді деп жариялау туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы»

Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумының 1968 жылғы 25 қыркүйектегі № 9 нормативтік қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы № 14 нормативтік қаулысының;

3) «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 6 нормативтік қаулысы 1-тармағының;

4) «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына азаматтық және азаматтық процестік заңнама бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысы 1-тармағының;

5) «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына азаматтық және азаматтық процестік заңнама бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 7 нормативтік қаулысы 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.

14. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданытағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы**

Ж. Асанов

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
